

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазанындағы "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" N 305 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 27 ақпандағы N 69 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 13 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4118

Қазақстан Республикасының түзеу мекемелеріндегі жазаларын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмысын әрі қарай дамыту мақсатында, "Әділет органдары туралы" Заңның 7 бабы 2 тармақтың 3) тармақшасын басшылыққа алып,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазанындағы " Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" N 305 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3228 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі
Н ұ с қ а у л ы қ т а :

мынадай мазмұндағы 110-1 тармақпен толықтырылсын:

"110-1. ТМ комиссиясы сотталғанға рақымшылық туралы қолдаухатта өзінің осы қолдаухаттың іс-жүзіндегі көзқарасын білдіреді."

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

К Е Л І С І Л Г Е Н

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б а с п р о к у р о р ы н ы ң б і р і н ш і о р ы н б а с а р ы

2006 жылғы 20 ақпан